Қарағанды қаласының кәріздік тазарту қондырғыларын жаңғырту

Орналасқан жері:
Қазақстан

Жоба нөмірі:
54047

Бизнес секторы:
Муниципалды және экологиялық инфрақұрылым

Хабарлама түрі:
Мемлекеттік

Экологиялық санаты :
A

Нысаналы бекіту күні:
2025 жылғы 09-шы сәуір

Мәртебесі:
Қорытынды тексеруден өтті, мақұлдану күтілуде

Жоба түйіндемесінің ағылшын тілінде жарияланған күні:
2024 жылғы 22-ші мамыр

Жоба сипаттамасы

Қарағанды қаласындағы кәрізтазарту инфрақұрылымын ("Жоба") жаңғырту үшін "Қарағанды Су" ЖШС ("Компания") пайдасына мемлекеттік кепілдік берілген сомасы50,3 млрд.теңгеге дейін (еуродағы баламасы 95 млн.) несие ("Несие") беру. Несие Жобаның мынадай Басым Инвестициялық Бағдарламасын ("БИБ") қаржыландыру үшін пайдаланылатын болады: (i) анаэробты тұнбаны тазарту қондырғыларын және анаэробты тазарту (А.Т.) нәтижесінде пайда болатын биогаздан жылу мен электр энергиясын өндіруге арналған қондырғыны қоса алғанда, 500 000 адам қуатына тең (Х.Қ.) кәріздік суларды тазартатын жаңа қондырғы салу, және (ii) құрылысты қадағалау қызметтері.

Жоба мақсаттары

Жобаның мақсаты - кәріздік суларды тазарту қызметтерінің сапасын жақсарту. Жоба қалалық кәрізсуларын тазартудың ұлттық және ЕО стандарттарына, кәріздік сулардың шөгінділерін басқаруға қойылатын ЕО талаптарына, ЕО-ның осындай қондырғыларға қойылатын үздік қолжетімді технологияларына (EU BAT)және ЕО-ның таксономия талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Іске асырылғаннан кейін жоба жағымсыз иіс деңгейінің төмендеуіне және сарқынды

суларды тазартумен байланысты парниктік газдар шығарындыларының айтарлықтай төмендеуіне әкеледі.

Өтпелі процесскеәсері

Күтілетін Өтпелі процеске әсері (ETI) ұпайы: 80

ETI 80

Жасыл (Негізгі):

1) Экологиялық пайдасы: Жоба сарқынды суларды тазарту мен тазартылған сарқынды сулардың сапасын жақсартуды көздейді және топырақтың, жер асты суларының және жер үсті суларының ластануын барынша азайта отырып, тұщы су ресурстарына қысымды жеңілдетуге, осылайша экожүйелер мен халықтың денсаулығын қорғауға бағытталған.

2) Климатқа бейімделудің артықшылықтары: тазартылған сарқынды суларын экожүйеге қайтару тұщы суды алуды ауыстырады және жергілікті кәсіпорындар мен суға тәуелді қауымдастықтарға пайда әкеледі, бұл жоба бойынша су тапшылығы бар аймақтағы климаттың өзгеруіне төзімділікті арттырады.

3) Климаттың өзгеруін азайтудың артықшылықтары: өсіп келе жатқан қаладағы сарқынды суларды тазарту парниктік газдардың тікелей шығарындыларын айтарлықтай азайтады. Анаэробты тазарту қондырғысында өндірілетін биогаздан жылу мен электр энергиясын өндіретін когенерациялық қондырғы климаттың өзгеруін азайтуға қосымша үлес қосады.

Клиент туралы ақпарат

"ҚАРАҒАНДЫ СУ" ЖШС

"ҚАРАҒАНДЫ СУ" ЖШС, Қарағанды қаласындағы су және кәріз суларны тазарту компаниясы

ЕҚДБ қаржыландыруы туралы ақпарат

50 289 231 000,00 теңге

50,3 млрд. теңге

Жобаның жалпы құны

56 263 592 000,00 теңге

56,3 млрд. теңге

ЕҚДБ үлесі - 50,3 млрд теңге

Қарағанды облысы Әкімдігінің үлесі - 6 млрд теңге

Толықтауыш әсері

- Қаржыландыру құрылымын қалыптастыру;
- Стандарттарды белгілеу: жобалар мен клиенттерге жоғары стандарттарға қол жеткізуге көмектесу;
- Білім, инновация және әлеуетті арттыру.

Экологиялық және Әлеуметтік Түйіндеме

А санатына жатқызылған (ЕСП 2019). Жоба қолданыстағы нашар жұмыс істейтін сарқынды суларды тазарту және сарқынды сулардың шөгінділерін басқару қондырғыларын ауыстыру үшін қуаттылығы 500 000 халық қуатына тең жаңа кәріз суларын тазарту құрылысын салуды көздейді. Шөгінділерді өңдеу кешені зауыттың бір бөлігіне айналады және биогаз өндіретін анаэробты тазарту қондырғыларын, сондай-ақ осы биогаздан жылу мен электр энергиясын өндіруге арналған қондырғыларды қамтиды. Ұсынылған инвестициялардың жалпы әсері оң деп бағаланады. Жобаны іске асыру нәтижесінде жағымсыз иісті жою, парниктік газдар шығарындыларын азайту, Ұлттық талаптар мен ЕО-ның талаптарына сәйкес сарқынды суларды тазарту тиімділігін арттыру, ЕО-ның осындай объектілер үшін үздік қолжетімді технологияларына және ЕО таксономиясына сәйкес шөгінділерді басқару және кәдеге жарату бойынша ЕО талаптарына сәйкес шешімдерді қамтамасыз ету сияқты экологиялық және әлеуметтік(E&S) пайда, сарқынды суларды тазартудың қазіргі деңгейі және шөгінділерді ашық тұндырғыштарға орналастырудың тұрақсыз тәжірибесі нәтижесінде қоршаған ортаға зиянды және халықтың денсаулығына қауіп-қатерді азайту іске асырылады. Жоба Соқыр өзенінің, Ынтымақ су қоймасының және Нұра өзенінің ластануын азайтуға ықпал етеді деп күтілуде, өйткені тазарту процесі қоқыстарды биологиялық жолмен кетіретіндей жобаланған.

Қоршаған орта және әлеуметтік сала аспектілерін кешенді тексеруі техникалық-экономикалық негіздеме бойынша есептерді қарауды, оның ішінде алдын ала жоба, танысу сапары, жергілікті тұрғындармен және басқа да тиісті мүдделі тараптармен кездесулер, ЕҚДБ тиімділікке қойылатын талаптарына сәйкес тәуелсіз кеңесшінің қоршаған ортаға және әлеуметтік салаға әсерін бағалаудың кешенді пакетін (ҚОӘӘБ) дайындау және қоғамдық талқылау және түсініктеме беру үшін 120 күн ішінде ҚОӘӘБ пакетін ашу (пакет 2024 жылғы 29 ақпанда ашылды). ҚОӘӘБ ақпаратты ашу пакетіне (i) ҚОӘБ есебі, соның ішінде қоршаған ортаны және әлеуметтік саланы басқару жоспары (ҚОӘСБ)("ӘӘМЖ"), (ii) Техникалық емес Түйіндеме, (iii) Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу жоспары (МТӨӘЖ)және (iv) экологиялық және әлеуметтік іс-шаралардың кешенді жоспары (ӘӘІКЖ) кіреді. Барлық құжаттар ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде Компанияның және Банктің dt,-сайттарында жарияланды. ҚОӘБ зерттеулері Жобаның аумағы мен аймағына әлеуметтік-экономикалық әсерді бағалау, баламаларды талдау, шуды бағалау, ауа ластағыштарының атмосферада таралуын модельдеу, шөгінділерді басқару нұсқалары, биоәртүрлілік пен климаттың өзгеруіне әсерді бағалау және жиынтық әсерді бағалауды қамтыды. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу бойынша іс-шаралар ҚОӘБ ақпаратты ашу кезеңіне дейін, оның барысында және одан кейін өткізілді. Жоба сонымен қатар 2023 жылдың желтоқсанында қоғамдық тыңдауларды қоса алғанда, Қоршаған ортаға Әсерді Бағалаудың ұлттық процесінен өтті және Мемлекеттік

Экологиялық Сараптаманың оң қорытындысын алды. ЕҚДБ-ның ҚОӘБ-ны ашудың 120 күндік мерзімін белгілеу туралы талабы орындалды және қоғамдық консультациялар мен ақпаратты ашу барысында, ең алдымен, Жобаны әзірлеудің баламалары мен қоғамдық консультацияларға қатысты бірнеше қоғамдық пікірлер алынды. Жоба жергілікті және халықаралық Азаматтық Қоғам Ұйымдарының назарын аударды, олар осы инвестициялардың жергілікті халыққа тигізетін пайдасын барынша арттыруға тырысады. Барлық алынған түсініктемелерге арналған және осы мәселелердің ҚОӘӘБ зерттеуінде және тиісті басқару жоспарларында қалай қаралғанын түсіндіретін арнайы қоғамдық кеңес есебі ҚОӘБ туралы ақпаратты ашуға арналған жоба сайтында дайындалып, жарияланды

Компанияда корпоративтік деңгейдегі Экологиялық саясаты жоқ, бірақ Еңбекті қорғау және Қауіпсіздік саласындағы жоғары деңгейдегі саясаты және ұлттық талаптарды қанағаттандыру үшін ережелер мен рұқсаттарда талап етілетін Операциялық Бақылау Бағдарламалары арқылы E&S басқаруды жоспарлаудың кейбір элементтері бар. Алайда, қазіргі уақытта ЕҚДБ ЕҚҚДБ тиімділікке қойылатын талаптарына (PR)сәйкес Жобаны іске асыру жөніндегі жалпы мүмкіндіктері шектеулі және Компания Экологиялық және Әлеуметтік Менеджмент Жүйесін (ЭӘМЖ) және халықаралық стандарттарға сәйкес процедураларды әзірлеу және енгізу арқылы өзінің экологиялық және еңбек қауіпсіздігі мен жалпы қауіпсіздігін одан әрі нығайтуды талап етеді. Кешенді тексеру сонымен қатар Компанияда тиісті персонал процедуралары бар екенін растады, бірақ қызметкерлер мен мердігерлер үшін гендерлік теңдік пен тең мүмкіндіктер, гендерлік зорлық-зомбылық пен жұмыс орнындағы құдалаудың алдын алу мәселелерін қамтитын жазбаша кадр саясатын әзірлеуді жалғастыру қажет. Жұмысшылардың шағымдарын қарау тетігі де ресімдеуді қажет етеді және болашақта қызметкерлерді оңтайландырудың кез келген түрі, қажет болған жағдайда, PR2 талаптарына сәйкес тиісті Қысқарту Жоспарын дайындауды қамтуы керек.

Жаңа қондырғыны салуға арналған алаң қолданыстағы станцияға іргелес және қаланың оңтүстік-батысында орналасқан, ал ең жақын тұрғын үйлер 500 м-ден астам қашықтықта орналасқан. Сарқынды суларды тазарту сапасын жақсарту және жауын-шашынды тиімді басқару арқылы тұрғындардың басты проблемасы боылп табылатын жоба тазарту қондырғыларының жанындағы иісті едәуір азайтады. Ауа ластағыштарының атмосферада таралуын модельдеу нәтижелері ластаушы заттардың есептік концентрациясы тазарту құрылыстарының жаңа алаңының санитарлық-қорғау аймағында рұқсат етілген мәндер шегінде қалатынын көрсетеді. Шөгіндіні басқару мен жоюдың әртүрлі балама нұсқаларын талдау биогаз (анаэробты метантенктер) өндіретін қондырғыларды біріктіретін және топыраққа шөгіндіні енгізуді біріктіретін ұсынылған шешім оңтайлы болады деген қорытындыға келді. Сондай-ақ, Компания болашақта жағымсыз иіс пен ластанудың негізгі көзін болдырмау үшін ескі тазарту қондырғыларының аумағында орналасқан қолданыстағы шөгінділерді жабу және қалпына келтіру жоспарын жасауы керек. Жоба аумағы су стрессінің жоғарылауына және құрғақшылыққа ұшырауы мүмкін, сондықтан жоба қазіргі жағдаймен салыстырғанда жаңа Ағынды суларды тазарту қондырғыларындағы тазартылған ағынды сулардың сапасын жақсарту және осылайша жергілікті су ресурстарына

жүктемені азайту арқылы аумақтың климаттың өзгеруіне төзімділігін арттыруға ықпал етеді.

Жоба жергілікті қауымдастықтарды еріксіз қоныстандыруды және экономикалық қоныс аударуды көздемейді. Жаңа сарқынды суларды тазарту қондырғыларын салу үшін 12,75 гектар жер қажет болады, ол мемлекет меншігінде және қолданыстағы объектіге іргелес. Қазіргі уақытта тазарту құрылыстарының аумағын кесіп өтетін қолданыстағы төмен вольтты әуе желілерінің бірнеше шағын учаскелерін сатып алынған жер учаскесіндегі жаңа тазарту құрылыстарының периметрі бойынша аумаққа көшіру қажет болады. Әуе желілерін көшіру компоненті коммуналдық бюджеттен қаржыландырылады және оны электр желісін басқаратын аймақтық электр компаниясы жүзеге асырады, сондықтан ұсынылған Жобаның ілеспе нысаны ретінде бағаланады.

Жобаның құрылыс кезеңінде болатын әдеттегі әсерлері болады, оны ЭӘШЖ құрылыс фазасын жүзеге асыру арқылы барабар басқаруға болады. Сондай-ақ құрылыс және пайдалану кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік салдарын жою үшін жол қозғалысы мен көлікті басқару жоспары, сондай-ақ төтенше жағдайларға жауап беру жоспары қажет болады. Жобаның маңында қорғалатын немесе сезімтал аумақтар жоқ, ұсынылған учаске биоәртүрлілікке бай емес. Жобаның аумағы зерттелді және оның аумағында қорғалатын мәдени мұра объектілері анықталған жоқ.

Жобаның құрылымы тиісті ұлттық экологиялық талаптар мен ЕО талаптарын қоса алғанда, Банктің жобалық талаптарына сәйкес келеді. ЭӘШЖ жобасы мен ESMP978ESDD нәтижелерін қарастыруға, E&S көрсеткіштерін жақсартуға және құрылыс және пайдалану кезеңдерінде тиісті сақтық шаралары мен жеңілдету шараларын сақтай отырып, Жобаны жүзеге асыруға дайын болды. Сондай-ақ, Компания мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарын және қоғамдастықтың шағымдарын қарау механизмін енгізеді және Жобаны жүзеге асыру барысында E&S мониторингінің сенімді жоспарын әзірлейді және жүзеге асырады. ЭӘШЖ заңды келісімдерге қосылады.

Жоба ЭӘШЖ және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарын іске асыруды қолдау үшін, оның ішінде жобаны іске асыруды қолдау және мониторинг бойынша несие берушінің көмегі арқылы келісімге қол қойылғаннан кейін техникалық ынтымақтастық шеңберінде елеулі көмек алады. Банк Жобаның тиімділігін жыл сайынғы E&S есептілігі арқылы бақылайды.

Бұл жоба үшін Экологиялық және Әлеуметтік Әсерді Бағалау қол жетімді.

Техникалық ынтымақтастық және гранттық қаржыландыру

Қол қойғанға дейін:

ТЫ1 Техникалық-экономикалық негіздеме және Қоршаған ортаға әлеуметтік әсерді бағалау А Санаты ("ТЭН", "ҚОӘӘБС") Қазақстанның бес қаласындағы кәріздік суларды тазарту қондырғыларының техникалық, құқықтық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін қамтитын кешенді бағалауды қамтыды.

Тапсырманың жалпы бюджеті 1 172 000 еуроны құрады және оны ЕҚДБ Инфрақұрылымдық Жобаларды Дайындау Орталығы қаржыландырды.

ТЫ2: Жергілікті Техникалық-экономикалық негіздеме. Жергілікті ТЭН Банкке Қазақстан Республикасында мемлекеттік мақұлдау процедурасынан өтуге, оның ішінде тиісті органдардың техникалық-экономикалық сараптамасынан өтуге мүмкіндік берді. ЕҚДБ Акционерлерінің Арнайы Қорының қаржыландыруы 74 000 еуроны құрайды.

ТЫ3: Жобаны Іске Асыруды Қолдау ("ІАҚ") Жобалау және Құрылыс келісімшартын, жалпы жобалық жобаларды басқаруды, Экологиялық және Әлеуметтік Іс-шаралар Жоспарын (ESAP) және Тең Мүмкіндіктер Жөніндегі Іс-шаралар Жоспарын (EOAP) жүзеге асыруға көмек көрсету. Тапсырманың сметалық құны 300 000 Еуро5адейін; ЕҚДБ-Қазақстанның Бірлескен Техникалық Ынтымақтастық Қоры қаржыландыруы тиіс.

ТЫ 4: Несие берушінің Техникалық Мониторингі ("НБТМ") Қазақстанда ЕҚДБ қаржыландыратын Кәріздік суларды тазарту қондырғыларынжаңғыртудың төрт жобасына дейін іске асырылуын бақылау. Бұл жобаны Іске асыруды қолдау жөніндегі Консультант пен мердігерлердің жұмысының мониторингін, жұмыс барысының дұрыстығын, жұмыс нәтижелері туралы аралық анықтамаларда көрсетілген сомаларды, ықтимал мәселелерді анықтауды және мәселелер туралы Банкке уақтылы хабарлауды қамтиды. Барлық төрт жоба бойынша осы ТЫ қолдауының сметалық құны 490 000 Еуроға дейін; халықаралық донор немесе ЕҚДБ Акционерлерінің Арнайы Қоры қаржыландыруды ұсынады.

Компанияның байланыс ақпараты

Қарағанды Су ЖШС
Info@kar-su.kz
+7 7212 355555
https://kar-su.kz/ru
Қарағанды қаласы, Привокзальная даңғылы. 5, БСН 931240000052

Іске асырудың қысқаша мазмұны

Жоба түйіндемесінің (PSD) соңғы жаңартылған күні

2024 жылғы 27-ші желтоқсан

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат мына жерде қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168
Email: projectenquiries@ebrd.com бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты ЕҚДБ сатып алулары сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794
Email: procurement@ebrd.com

Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды ЕҚДБ сұраныстар нысанын пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭӘС)

ЭӘС және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (ІАТ) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды. ЭӘС пен ІАТ-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді7

ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат ЭӘС-та баяндалған.

Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КӘББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КӘББ шешуші рөл атқарады.

КӘББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына compliance@ebrd.com электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КӘББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін Ақпаратқа қолжетімділік саясаты парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты ЕҚДБ сұраныстар нысанының көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойыша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін

тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді; Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын және осы жобаға жататын Ақпаратқа колжетімділік саясатының ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау Сұранысын тапсыру туралы көбірек мәлімет білу үшін Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін үшін IPAM-ға ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.